

Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсаринатындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ҚР ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕПТЕРІНДЕ «КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС
НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІНІҢ АПРОБАЦИЯСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ
МОНИТОРИНГА АПРОБАЦИИ ПРЕДМЕТА «ОСНОВЫ
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И БИЗНЕСА»
В ПИЛОТНЫХ ШКОЛАХ РК**

Нұр-Сұлтан
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды. (2019 жылғы 26 қарашадағы № 10 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (Протокол № 10 от 26 ноября 2019 года).

ҚР пилоттық мектептерінде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің апробациясына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019, 48 б.

Методические рекомендации по проведению мониторинга апробации предмета «Основы предпринимательства и бизнеса» в пилотных школах РК, г.Нур-Султан, НАО им. И. Алтынсарина, 2019, 48 с.

Жұмыста 17 пилоттық мектептің 10-сыныптарында апробациялау мониторингінің механизмі, рәсімдері мен құралдары ұсынылған. Сонымен қатар құралда апробация қорытындыларына және мұғалімдерге арналған сауалнама нәтижелеріне талдау берілген. Апробация нәтижесін қорытындылай келе оқу бағдарламасының және оқулық пен ОӘК мазмұны бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленген.

Әдістемелік ұсыныстар облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесінің ұйымдарының басшыларына, мектеп мұғалімдеріне арналған.

В работе представлены механизмы, процедуры и инструменты мониторинга апробации в 10 классах 17 пилотных школ. Кроме того, в пособии дается анализ результатов апробации и результатов анкетирования для учителей. Подводя итоги апробации, разработаны методические рекомендации по содержанию учебной программы, учебников и УМК.

Методические рекомендации адресованы руководителям и методистам областных, районных методических центров - кабинетов, руководителям организаций системы образования, учителям школ.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019
©Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2019

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты - білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазақстан республикасы тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз - белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар»- деген.

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты Тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі – жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру» қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек деп атап көрсетті.

Сапалы білім беру қызметін көрсету – білім мекемелері мен педагогтар алдында тұрған міндет. Білім сапасы ең алдымен мақсаттың және нәтиженің сапасы, одан кейін басқарудың, ұстаздың, педагогикалық іс - әрекеттің,

оқушының сапасы, ең соңында педагогикалық үрдістің сапасы. Осындай сапалылықты қамтамасыз ететін сапалы мұғалімдер шығармашыл болуы керек.

Білім беру сапасын басқарудың оқу үрдісіндегі негізгі тетіктері: бақылау, талдау, бағалау, бағдарлау және нәтижелердің динамикалық үрдістерін салыстыру болып табылады. Бұл үрдісте оқу - тәрбие сапасына жасалатын жүйелі бағалаудың бірден - бір көзі – мониторинг.

Мониторинг дегеніміз белгілі бір нәрсенің жай - күйін бақылау, бағалау, талдау және болжау жүйесі, белгілі параметрлерді анықтаудағы бақылау құралы. Мониторинг ішінде басқарудың өзіндік қызметі, педагогикалық іс - әрекет барысындағы бағалау жүргізіледі. Педагогикалық мониторинг педагогикалық жүйенің дамуын болжау, сонымен қатар оның жағдайын үздіксіз бақылауын қамтамасыз етуді көрсетеді.

Білім алушыларды кәсіпкерлік, бизнес, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім беру, олардың таңдауы бойынша жауапкершілікке тәрбиелеу және қазіргі нарық жағдайында болашақта жауапкершілікке тәрбиелеу және қазіргі нарық жағдайында болашақта өз бетінше әрекеттену үшін дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру. ХХІ ғасырдың мамандарына қажет экономикалық және әлеуметтік даму стратегияларын, экономикалық білім негіздерін және кәсіпкерлік қызметтің негіздерін білу мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 455 «Жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттық енгізу туралы» бұйрығына толықтырулар енгізу туралы 2017 жылғы 31 қазандағы № 556 бұйрығы негізінде 17 пилоттық мектептің 10 сыныптарында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасы мен оқулықтарын апробациядан өткізу және Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 «Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламалары» 2018-2019 оқу жылы жүзеге асырылды.

Пәннің мақсаты – білім алушыларды кәсіпкерлік, бизнес, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша базалық білім беру, олардың таңдауы бойынша жауапкершілікке тәрбиелеу және қазіргі нарық жағдайында болашақта жауапкершілікке тәрбиелеу және қазіргі нарық жағдайында болашақта өз бетінше әрекеттену үшін дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру. ХХІ ғасырдың мамандарына қажет экономикалық

және әлеуметтік даму стратегияларын, экономикалық білім негіздерін және кәсіпкерлік қызметтің негіздерін білу.

Пәнді оқытудың негізгі міндеттері:

1. Білім алушылардың кәсіпкерлік қызмет негіздері туралы түсініктерін қалыптастыру;

2. Кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін, жеке қаржылық сауаттылықтың практикалық дағдыларын қалыптастыру;

3. Кәсіпкерлік қабілетін дамыту, белсенді өмірлік ұстанымы және өз әлеуетін іске асыру мүмкіндіктерін көре білу;

4. Бизнес идеяларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік қызметтің деңгейіне дейін дамыту, бәсекеге қабілетті ортада өзгеретін бизнес-модельдеу және бейімделу;

5. Бизнестің және зерттеулердің тұрақтылығын арттыру мақсатында заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

Осылайша, «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу бағдарламасын апробациядан өткізу білім берудің жаңа стандарты, оқудың жаңа формалары мен әдістері, білім алушылардың нақты мақсаттарына қол жеткізу бойынша оқыту процесін тексеру мен жетілдіруге бағдарланған және оларды белгілі бір деңгейде білім алу мен оқу және өмірдегі мәселелерді шешуде қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

1 АПРОБАЦИЯ МОНИТОРИНГІН ЖҮРГІЗУ ӘДІСНАМАСЫ

Педагогикалық ғылым елдің білім алуы үшін ең жақсы және тиімді тәсілді біледі. Ол педагогикалық мониторинг. «Мониторинг» ұғымы сол немесе басқа нысандар мен құрылымдардың жағдайы туралы объективті және субъективті деректерді қажет еткен ақпараттық қоғамның құрылуы мен дамуына байланысты пайда болады. XX ғасыр адамның қоршаған ортаға жасаған алапаттық өзгерістерінің, өнеркәсіптің өсуімен сипатталады. Сондықтан да деректерді инструменталды зерттеу, өңдеу және жүйелеу басты іс-әрекеттер болған.

Педагогикалық мониторинг дегеніміз білім беру жүйесінің қызметі туралы ақпаратты жинап, сақтап, саралап, таратуға және оны үздіксіз бақылап отыруға, даму болашағына болжау жасауға мүмкіндік беретін жұмыс жүйесі.

Педагогикалық мониторинг жасауға қажетті ақпаратты жинау мына бағыттарда жүзеге асырылады: 1) ақпараттың мазмұны. 2) ақпараттың сапасы. 3) ақпаратты басқаруда пайдалану.

Ақпараттық қамтамасыз ету қағидалары:

– Объективтілігі. – Нақтылығы. – Толыққандылығы. – Жеткіліктілігі. – Оңтайлылығы.

– Жүйелендірілгендігі. – Оперативтілігі. – Түсініктілігі.

Мониторинг жалпы педагогикалық ғылыми түсініктерге сәйкес кері байланыс, рефлексия деген ұғымды білдіреді. Педагогикалық мониторинг - қандай да бір объективтегі, құбылыстағы өзгерістерді ұзақ уақыт бақылау. Ең кең тараған анықтама: педагогикалық жүйе қызметінің даму мақсатындағы ақпараттарды жинақтау, сақтау, өңдеу, тарату.

Г.А.Стефановскаяның анықтамасы бойынша «Педагогикалық мониторинг, бұл – диагностика, баға және педагогикалық үрдісті жобалау, оның жүріс барысын, даму перспективаларын қадағалау».

Педагогикалық мониторингке әсер етуші факторлар:

Мониторингтің педагогика теориясына және практикасына енуіне әсер етуші факторлар мыналар болып табылады:

- педагогикалық жүйедегі инновациялық процестер;
- педагогикалық менеджмент;
- педагогикалық диагностика;
- педагогикалық тестілер;
- білімдегі, тәрбиедегі, дамудағы жеткен жетістіктер;
- шығармашылық қабілет.

Мониторингтің негізгі объектісі – білімділік және тәрбиелілік. Мониторингтің педагогикалық нәтижесі болып, білім құрылымындағы, оқу

дағдысындағы, тәртібіндегі, қатынас жүйесіндегі тұлғаның бағытталуы болып табылады.

Педагогикалық – психологиялық нәтиженің сандық, сапалық бағалау өлшемі болып, оқу процесіндегі күтілетін нәтиже мен қызмет шарты белгіленген норм, эталон қабылданады.

Норма мониторинг үшін ең негізгі шарт, өйткені нәтиже осы нормамен салыстырылады.

Педагогикалық мониторинг объектісі ретінде жетістіктерге жеткізетін оқу-тәрбие үрдісінің нәтижесі, құралы, технологиясы қабылданады.

Педагогикалық мониторингтің негізгі қасиеттерінің бірі оқу-тәрбие үрдісінде үздіксіз бақылау жүргізу. Сондықтан да педагогикалық диагностика педагогикалық мониторингтің негізгі компоненті болып табылады.

Педагогикалық мониторинг – педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижесі мен мақсат арасындағы нормадан ауытқуды ғана бақылаушы емес, мақсатта, нормада, стандартта кеткен кемшіліктерді анықтаушы, жетістіктерге жету жолдарын түзетуші мәліметтермен қамтамасыз ететін кері байланыс.

Педагогикалық мониторингті зерттеген В.А. Болотов, В.С. Безрукова, Н.В. Борисова, В.И. Гинецинский, А.Н. Дахин, В.М. Монахов, А.М. Новиков, Л.С. Подымова, В.А. Сластенин, В.И. Слободчиков, Н.А. Шайденко, Н.О. Яковлевалар өз еңбектерінде педагогикалық мониторингтің нәтижелері мен құрылымын және түсініктемесін талдай келе, қазіргі педагогикалық ғылымда және тәжірибеде осы күнге дейін мониторингке деген жүйелі тәсілдемелердің құралмағанын, ал ол, бір жағынан, ғылыми-зерттеу жұмыстарының тәжірибелік бағыттарын, екінші жағынан, практикалық педагогикалық қызметтің теоретикалық негізділігін едәуір төмендетеді.

Мониторинг – үздіксіз процесс. Мониторинг жүйесі оқу жылы басталмай тұрып жасалып қоюға тиісті. Мониторинг пен бағалау ұқсастығы мақсатында, жұмыс жоспарына, штат кестесіне қатысты. Мониторингтің көп аспектісі бағалауға ұқсайды. Айырмашылығы орындау уақытында, кім орындайтындығында, сонымен бірге жиналған ақпараттың алуан түрлілігі мен нақтылығында.

Сонымен мониторинг деп заманауи білім технологиялары мен ақпараттық көрсеткіштерді пайдалану мен білім процесі барысын кезеңдік педагогикалық тексеру жүйесін айтады.

Мониторинг жүргізудің концептуалды жағы оқу процесінде оқушының жеке даралығын қалыптастыру мен дамытуды тиімді басқаруды қамтамасыз етумен байланысты, бұл үдерісті стихиялық емес, мақсатты және негізді ету.

Мониторингтік зерттеудің мақсаты: оқу үрдісінің барысы туралы ақпарат алу, кезең-кезеңмен алып жатқан ақпарат негізінде осы процестің сапасы мен тиімділігін арттыру яғни, 17 пилоттық мектептердің нақты білім беру үдерісі жағдайында білім берудің жаңартылған мазмұнындағы әзірленген оқулықтар мен ОӘК сапасы мен тиімділігін бағалау және одан әрі жетілдіру.

10-сыныптарда жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқулықтарды апробациялаудағы мониторинг міндеттері:

- 10-сынып шеңберінде әзірленген оқу бағдарламаларын, оқулықтарды және жаңартылған білім беру мазмұнын ОӘК енгізу тиімділігін тексеру;
- 10-сыныпқа арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізгі ережелеріне сәйкес келетін оқу бағдарламаларының, оқулықтардың және ОӘК сәйкестік дәрежесін анықтау болып табылады;

Мониторинг рәсімі:

- Бірінші дайындық кезеңінде-мониторингтің индикаторлары мен көрсеткіштері әзірленді, зерттеу көлемі (мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы, өлшеулерді жүргізу уақыты және олардың саны), зерттеу әдістері мен формаларын таңдау (сауалнамалар әзірлеу, технологиялық карталар жасау, бақылау парақтарын әзірлеу) диагностикалық құралдар, ақпаратты жинақтау үшін материалдар анықталды.;

- Екінші кезеңде – диагностикалық тексеру жүргізу, деректерді өңдеу және түсіндіру;

- Үшінші қорытынды кезеңде-әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, келесі диагностикалық зерттеулерді жоспарлау және болжау.

Мониторингтік зерттеу индикаторлары:

Бірінші индикатор – 10-сынып оқушыларына ұсынылған жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламаларының сипаттамасы.

Екінші индикатор – 10-сынып оқушылары үшін жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқулықтардың сипаттамасы.

Үшінші индикатор – 10-сынып оқушыларына арналған Жаңартылған білім беру мазмұнының оқу-әдістемелік кешенінің (ОӘК) сипаттамасы.

Мониторингке қатысушылардың өзара қарым-қатынасының иерархиясы

Пилоттық мектептен мониторингке қатысушылар:эксперименттік немесе бақылау сыныптарының мұғалімдері;

Эксперименталды немесе бақылау сыныбы мұғалімінің функциялары:

- әңгімелесу мен сауалнама жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;

- сауалнамаға, сұхбаттасуға, әңгімелесуге қатысу;

- мониторинг бойынша шынайы және уақытылы ақпарат беру.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының апробациясына жетекшілік ететін пилоттық мектеп директорының орынбасары (бұдан әрі – директордың орынбасары):

- мектеп бойынша мониторингті үйлестіру;
- мұғалімдер, білімалушыларға сауалнама жүргізуді ұйымдастыру;
- мониторинг бойынша жұмыс топтарының сапарларына мектепті дайындау (кездесулер кестесін құру, бару үшін сабақ кестесін және т. б. дайындау);
- мектеп бойынша бастапқы мәліметтердің дұрыс жиынтығын қалыптастыру;
- қалалық (аудандық) білім бөлімінің әдіскеріне қажетті ақпаратты уақтылы беру;
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясынан сұрау сауалдарының келіп түсуіне қарай қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және беру;
- сауалнамаға, сұхбаттасуға, әңгімелесуге қатысу;
- апробация қорытындысы бойынша Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-на тапсыру үшін есеп құрастыру функцияларын жүзеге асырады.

Пилоттық мектеп директорының функциялары:

- мектеп бойынша нақты және толық ақпарат беру;
- мониторинг бойынша ақпараттың уақтылы жиналуын және берілуін бақылау;
- мектептің педагогикалық кеңесінде және ата-аналар жиналыстарында жаңа білім беру бағдарламасын апробациялау мәселелерін талқылау;
- сауалнамаға, сұхбаттасуға, әңгімелесуге қатысу;
- мониторинг қорытындысы бойынша есеп жасауға қатысу.

Мониторингке облыстық (қалалық, аудандық) білім басқармаларының (бөлімдерінің) қатысушылары:

1. Аудандық (қалалық) білім бөлімдері әдіскерлерінің функциялары:

- аудан (қала) бойынша мониторингті үйлестіру;
- мониторингтің жұмыс топтарының сапарларына ауданның (қаланың) пилоттық мектептерін дайындау (кездесулер кестесін құру, мектепке бару үшін сабақ кестесін және т. б. дайындау);
- жаңа білім беру бағдарламасын апробациялауға байланысты проблемалық мәселелерді анықтау мақсатында пилоттық мектептерде өткізілетін тұрақты (тоқсансоңында 1 рет) талқылауларға қатысу;
- облыстық және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының әдіскерлеріне сапалы ақпаратты уақтылы беру;
- қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және беру

2. Облыстық және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары әдіскерлерінің функциялары:

- облыс бойынша мониторингті үйлестіру;
- пилоттық мектептерді сауалнамаға дайындалу процесін бақылау;
- пилоттық мектеп әкімшілігімен апробация барысын талқылау.
- проблемалық мәселелерді анықтау;
- БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА-на сапалы ақпаратты уақтылы беру;
- БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА-нан келіп түскен сұраулардың келіп түсуіне қарай қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және беру.

БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның функциялары:

- мониторингке жалпы басшылықты жүзеге асыру;
- мониторингтің барлық кезеңдерінің міндеттерін анықтау;
- мониторингтің құрылымы мен технологиялық картасын әзірлеу;
- мектепке сапарларды өткізу бойынша нұсқаулықты әзірлеу, басқа да құжаттар;

- сауалнама парақтарын әзірлеу;
- пилоттық мектептерге бару кестесін құру;
- тестілеу, сапарлар, мониторинг шеңберінде қажетті ақпаратты ұсыну мерзімдері туралы ақпараттық хаттарды дайындау;

- мониторингтің жұмыс топтарының мүшелеріне нұсқау беру;
- бастапқы деректерді (СИД) жинауды жүзеге асыру, ағынды өңдеу ақпарат (ОПИ);
- алынған мәліметтерді талдау;
- апробация қорытындысы бойынша мәселелерді талқылауға басшылық

ету;

ҚР БҒМ Үйлестіру кеңесінің функциялары:

- мониторингке қатысушылардың барлық іс-қимылдарын үйлестіруге және келісуге жалпы басшылық жасау;

– ҚР БҒМ ОблББ және қалалық білім бөліміне көмек көрсету туралы хат жолдайды

- облыстық және қалалық білім бөлімдерінің мамандарын жұмыс топтарына қосу және мониторинг жүргізу;

- апробацияның қорытынды нәтижелерін басып шығаруды және бекітуді бақылау (оқу бағдарламалары, оқулықтар, ОӘК және т. б. бойынша нұсқаулар).

Мониторингтің құрамдас бөлігі ретінде мектептерге бару бастапқы деректерді талдау кезеңінде анықталған проблемаларды зерттеу, мектептерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі және бақылау функцияларын атқармайды.

Сапарлар барысында мұғалімдердің, білім алушылардың, ата-аналардың және мектеп әкімшілігінің оқу жоспарлары мен бағдарламаларының, оқулықтардың, ОӘК, әдістемелік нұсқаулардың және бағалау бойынша Әдістемелік ұсынымдардың сапасы туралы пікірі зерделенді, апробация барысында мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдерді қолдау деңгейі анықталды.

Мониторинг процесінің барлық қызметі мен кезеңдері, яғни оның барлық құрылымдық және қызмет элементтері бір-бірімен байланысты және ол педагогикалық мониторингтің тұтас циклін құрайды. Барлық құрылымдық және қызмет элементтерінің кез-келген педагогтер әрекеті жүйесінде болуы, педагогикалық мониторинг жүйесінің толық жүзеге асырылуы, «оқытушы - білімгер» жүйесіндегі педагогикалық процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жұмыс тобы мониторинг нәтижелерін талдау негізінде қорытынды, сондай-ақ мұғалімдермен, бағдарламаларды әзірлеушілермен жинақталған қорытындыларды модерациялау жасады. Сонымен қатар, мұғалімдердің оқу бағдарламаларының, оқулықтар мен ОӘК, мектеп құжаттамаларының сапасын түзету және жетілдіруге қатысты ұсыныстары бойынша жинақ шығарылды..

2 «КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БИЗНЕС НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН, ОҚУЛЫҚТАРДЫ АПРОБАЦИЯЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 455 «Жаңартылған білім беру мазмұнын пилоттық енгізу туралы» бұйрығына толықтырулар енгізу туралы 2017 жылғы 31 қазандағы № 556 бұйрығында 6-қосымшаға сәйкес 10-11 сыныптарға арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнінің оқу бағдарламасын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізу үшін пилоттық мектептердің тізімі бекітілсін» делінген. Аталған бұйрық негізінде республика бойынша пилоттық режимде, 2018-2019 оқу жылында 17 пилоттық мектеп апробациядан өтті (2.1-кесте).


2.1-кесте. Апробацияға қатысқан пилоттық мектептер тізімі

<i>№</i>	<i>Өңір</i>	<i>Мектеп, №</i>
1	Алматы облысы, Талдықоған қаласы	Ш. Уалиханов атындағы № 10 ОМ
2	Ақмола облысы, Көкшетау қаласы	Ғабдуллин атындағы № 3 ОМ
3	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы	№ 20 ОМЛ
4	Атырау облысы, Атырау қаласы	№ 30 ОМ
5	БҚО, Орал қаласы	№ 35 МЛ
6	Жамбыл облысы, Тараз қаласы	№ 9 ОМ
7	Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы	№ 93 МГ
8	Костанай облысы, Рудный қаласы	№3 ОМ
9	Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы	№ 9 МГ
10	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	ІТ мектеп-лицей
11	Павлодар облысы, Екібастұз қаласы	№24 МГ
12	СҚО, Бескөл поселкесі	Бескөл мектеп-гимназиясы
13	Түркістан облысы, Түркістан қаласы	Ататүрік атындағы № 21 ОМ
14	ШҚО, Семей қаласы	Экономикалық лицей
15	Нұр-Сұлтан қаласы	№1 МЛ
16	Алматы қаласы	Ы.Алтынсарин атындағы №159 МГ
17	Шымкент қаласы	Т. Рыскулов атындағы № 25 МГ

Апробацияға қазақ тілінде 7 респондент, орыс тілінде 10 респондент қатысты. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін сызу, технология, тарих, құқық негіздері, математика, көркем еңбек, құқық және экономика негіздері, экономика, есеп және аудит мұғалімдері өткізген. Апробацияға қатысқан мұғалімдердің сапалық құрамы:

- білім деңгейі,
- еңбек өтілі,
- біліктілік санаттары критерийлері негізінде талданды.

Ақмола, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстары және Алматы, Шымкент қалалары бойынша оқыту қазақ тіліндегі мектептерден респонденттер қатысты. Респонденттердің барлығы 100% жоғары білімді. Олардың 71,4% еңбек өтілі 15 жылдан жоғары, 28,6% респонденттерде 15 жылға дейін еңбек өтілі бар екендігі анықталды (2.1-сурет).




2.1-сурет

Оның ішінде Түркістан облысы бойынша пән мұғалімінде 10 жылға дейін, ал Маңғыстау облысы бойынша пән мұғалімінде 15 жылға дейін еңбек өтілі көрсетілген. Сонымен қатар пән мұғалімдеріне қойылатын талаптардың бірі біліктілік санаты болып табылады. Біліктілік санаты бойынша 5 респондент жоғары санатты (71,4%), 1 респондент I санатты (14,3%), 1 респондент II санатты (14,3%) көрсетті. I санат Шымкент қаласының мұғалімі, ал II санат Түркістан облысының мұғалімі. Біліктілік бойынша педагог-эксперт 1 мұғалім, педагог-зерттеуші 2 мұғалім.

Алматы, Ақтөбе, БҚО, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, СҚО, ШҚО, Павлодар облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы мектептерінен оқыту орыс тілінде 10 респондент қатысқан. Респонденттердің сапалық құрамы оқыту қазақ тіліндегі респонденттер критерийлеріне сәйкес жүргізілді. Талдау нәтижесі мынадай көріністі анықтады: білім деңгейлері барлық мұғалімдердің 100% жоғары. 9 мұғалімнің (90%) еңбек өтілі 15 жылдан жоғары, тек Ақтөбе облысында 1 мұғалімде (10%) еңбек өтілі 10 жылға дейін. Келесі маңызды критерийлердің бірі мұғалімнің біліктілік санаты болып табылады. Аталған

критерий бойынша 9 мұғалімде жоғары санат, тек Ақтөбе облысының мұғалімі санаты жоқ екендігі анықталды. Сонымен қатар респонденттер арасында Нұр-Сұлтан қаласынан 1 педагог-мастер, Павлодар облысынан 1 педагог-эксперт, СҚО 1 педагог-зерттеуші бар (2.2-сурет).




2.2-сурет

Апробацияға қатысқан респонденттердің сапалық құрамы оқыту қазақ және орыс тілдеріндегі мектептерде, олардың біліктілік талаптарына сәйкес екендігін куәландырады. Республика бойынша «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін өте тәжірибелі, біліктілік санаттары жоғары мұғалімдер жүргізетіндігі айқындалды.

Келесі критерий біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы мәліметтер болып табылады. Біліктілікті арттыру курстарын «Өрлеу» БАҰО және «НЗМ» ДББҰ өткізеді. Мұғалімдер 2016 жылдан бастап 2018 жыл аралығында осы аталған ұйымдардан курстардан өткен (2.3-сурет).

Ақмола, Қызылорда, Маңғыстау облыстарынан «Өрлеу» БАҰО-нан 2016-2018 жылдар аралығында біліктілік курстарынан өтпеген. Аталған ұйымнан барлығы 4 мұғалім курстан өткен, пайыздық мөлшерлемеді 57,1% құрайды. Ең көп 3 жыл қатарынан Алматы қаласының мұғалімі біліктілігін арттырған. Үш жыл ішінде облыстар бойынша, ең көп 2017 жылы 3 адам курстан өткен.




2.3-сурет

Маңғыстау, Түркістан облыстары, Алматы қаласы мұғалімдері «НЗМ» ДББҰ-нан біліктілікті арттыру курстарынан өтпеген. Барлығы 5 мұғалім біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Үш жыл ішінде облыстар бойынша, ең көп 2018 жылы 3 адам курстан өткен. Атырау облысы және Шымкент қаласы респонденттері аталған екі ұйымнан да біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Маңғыстау облысының респонденті аталған ұйымдардан біліктілігін арттыру курстарынан өтпегендігі анықталды.

Сонымен талдау нәтижесі оқыту қазақ тіліндегі мектептерден апробацияға қатысқан 7 респонденттің 4-еуі ғана «Өрлеу» БАҰО және «НЗМ» ДББҰ курстарынан өткендігін көрсетті. Оның ішінде Алматы қаласынан респондент 3 жыл қатарынан «Өрлеу» БАҰО-нан, ал Атырау облысының мұғалімі екі ұйымнан да курстан өткен.

Оқыту орыс тіліндегі мектептерден Нұр-Сұлтан қаласының, Ақтөбе облысының мұғалімдері біліктілікті арттыру курстарынан өтпеген. «Өрлеу» БАҰО-нан барлығы 5 мұғалім (50%) курстан өткен. Оның ішінде 3 мұғалім 2017 жылы өткен. «НЗМ» ДББҰ-нан курстан 2013 жылдан бастап біліктілікті арттыру курстарынан өткен. 2013 жылы Қарағанды облысының мұғалімі аталған ұйымнан біліктілікті арттыру курсынан өтсе, дәл осы мұғалім 2017 жылы «Өрлеу» БАҰО-нан өткен (2.4-сурет).

Жалпы «НЗМ» ДББҰ-нан 2013 жылдан 2018 жыл аралағыныда 5 мұғалім (50%) біліктілікті арттыру курсынан өткен.



2.4-сурет

Сонымен талдау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсын мұғалімдер аталаған екі ұйымнан өткен. «Өрлеу» БАҰО-нан курстан өтпеген БҚО, Алматы, Қостанай облыстарының мұғалімдері «НЗМ» ДББҰ-нан өтіп, ал ШҚО, СҚО және Жамбыл облысының мұғалімдері керісінше «Өрлеу» БАҰО-нан өтіп олқылықты толтырған. Аталған ұйымдардың екеуінен де біліктілікті арттыру курстарынан, Павлодар облысының мұғалімі өткен.

Апробацияға қатысқан респонденттердің **саналық құрамы** мониторингі келесі үрдістерді анықтады.

• оқыту қазақ тіліндегі мектептерде білім деңгейі, өтілі және біліктілік санаттары позициясында барлығы 7 респондент:

- жоғары білімінің болуы:
 - 7 мұғалім, жоғары білімді (100%);
- біліктілік санатының болуы:
 - 5 мұғалім жоғары санатты, яғни 71,4%;
 - 1 мұғалім бірінші санатты, яғни 14,3%;
 - 1 мұғалім екінші санатты, яғни 14,3%;
 - 1 мұғалім педагог-эксперт, яғни 14,3%;
 - 2 мұғалім педагог-зерттеуші, яғни 28,6%;
- еңбек өтілінің болуы:
 - 10 жылға дейін 1 мұғалім (14,3%);
 - 15 жылға дейін 1 мұғалім (14,3%);

- 15 жылдан жоғары 5 мұғалім (71,4%);
- *біліктілікті арттыру курстары:*
 - 4 мұғалім курстан өткен (57,1%);
 - 3 мұғалім курстан өтпеген (42,9%).

• оқыту орыс тіліндегі мектептерде білім деңгейі, өтілі және біліктілік санаттары позициясында барлығы 10 респондент:

- *жоғары білімінің болуы:*
 - 10 мұғалім, жоғары білімді (100%);
- *біліктілік санатының болуы:*
 - 9 мұғалім жоғары санатты, яғни 90%;
 - 1 мұғалім бірінші санатты, яғни 10%;
 - 1 мұғалім педагог-эксперт, яғни 10%;
 - 1 мұғалім педагог-зерттеуші, яғни 10%;
 - 1 мұғалім педагог-мастер, яғни 10%;
- *еңбек өтілінің болуы:*
 - 10 жылға дейін 1 мұғалім (10%);
 - 15 жылдан жоғары 9 мұғалім (90%);
- *біліктілікті арттыру курстары:*
 - 5 мұғалім курстан өткен (50%);
 - 5 мұғалім курстан өтпеген (50%).

Осылайша талдау нәтижелері оң нәтиже көрсетті. Аprobацияға қатысқан мұғалімдердің білім деңгейі, өтілі және біліктілік санаттары бойынша көрсеткіштері мұғалімдердің жеткілікті деңгейде қамтылғандығын куәландырады.

2.1 10-сынып оқушыларына ұсынылған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» бойынша жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламаларының сапасын талдау

Пилоттық мектеп мұғалімдері пән мазмұнымен және ары қарай қалай жұмыс жасау керек екендігі туралы ҚР ҰКП «Атамекен» өткізген біліктілікті арттыру курсында танысты. Біліктілікті арттыру курсының білім бағдарламасы «Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №92 бұйрығының 143-қосымшасымен бекітілген.

Бағдарламаның мақсаты: «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасы контекстінде мұғалімдердің педагогтік шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалауды енгізу.

Бағдарлама міндеттері:

1. Мұғалімдердің «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасын білуін қамтамасыз ету;

2. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын пайдалануды үйрету;

3. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін пайдалануды үйрету;

4. инновациялық оқыту және оқу стратегиялары арқылы тиімді оқытуды үйрету: коучинг элементтері, құралдар тренингі, сондай-ақ геймификация принципі.

Білім бағдарламасы осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, мұғалімдерге жалпы білім беру жүйесіндегі реформа туралы, оқу пәнінің ғылыми негізі туралы әдебиеттерге шолудан басталады. Курс барысында педагогтер оқу бағдарламасының құрылымын, педагогикалық әдістерді, бағалау механизмін қарастырады. Нәтижесінде 108 сағат көлемінде курстан өткен мұғалім:

1. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасының құрылымын, мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін біледі және түсінеді;

2. пән бойынша оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана алады;

3. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолданады;

4. коучинг, тренинг-құралдар, ойындар, кейстер сияқты тиімді инновациялық оқыту стратегияларын қолданады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша педагогикалық кадрларды қайта даярлау курсының білім беру бағдарламасы авторларының авторлық құқығы мемлекеттік тіркеуден өтіп, куәлік берілген (1,2-қосымша).

Пән бойынша біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдер оқу бағдарламасын жіті меңгерген. Сол себепті апробация барысында респонденттерден оқу бағдарламасының сапасы туралы пікірлері тыңдалып, сауалнама жүргізілді.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні оқу бағдарламасының жалпы сапасы төмендегідей критерий бойынша анықталды:


- пән бойынша бағдарлама білімалушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді;
- пән бойынша бағдарлама ғылыми талаптарға сәйкес келеді;

- бағдарламаның мазмұны жүйелі, дәйекті;
- оқыту мақсаттарының оңтайлылығы.

Пәннің оқу бағдарламасын талдау бойынша сауалнама жүргізудің мақсаты 17 пилоттық мектеп мұғалімдерінің жауаптарының негізінде пәннің оқу бағдарламасының мазмұны бойынша мәселелерін, оқу мақсаттарын іске асыруда туындайтын қиындықтарын анықтау.

Пилоттық мектеп мұғалімдерінің жауаптары оқыту тілі: орыс және қазақ тілдері бойынша сараланды.

Оқыту қазақ тіліндегі мектеп мұғалімдері барлығы 7 респондент қатысты. Оқу бағдарламасының мазмұны жас ерекшеліктеріне сәйкес келетіндігін және ғылыми талаптар сақталатындығын 100% мұғалім растаған (2.1.1-сурет).




2.1.1-сурет

Келесі оқу бағдарламасының мазмұны жүйелі және дәйекті болуын респонденттердің 71,4%-ы растаған, ал 28,6%-ы жоққа шығарған. Оқытудың оңтайлы мақсаттарымен 85,7% мұғалім келіскен болса, 14,3% мұғалім келіспеген. Оқыту қазақ тіліндегі мектеп мұғалімдерінің жауаптарын талдау нәтижесі оқу бағдарламасының мазмұны туралы мұғалімдер тарапынан оң пікірді көрсетті.

Оқыту орыс тіліндегі мектептерден барлығы 10 респондент қатысты, олар да оқу бағдарламасының мазмұнына жоғарыда көрсетілген критерийлер бойынша пікір білдірді. Оқу бағдарламасының білім алушылардың жас

ерекшеліктеріне сай келетіндігін және ғылыми талаптардың орындалуын 80% мақұлдаған болса, мұғалімдердің 20% аталған критерийлер сәйкес келмейтіндігін көрсетіп отыр.



2.1.2-сурет

Келесі критерий оқу бағдарламасы мазмұнының жүйелі және дәйекті берілу туралы сауалға респонденттердің 70% «ия» деп жауап берсе, 30% «жоқ» деген теріс пікір білдірді. Маңызды критерийлердің бірі оқу мақсаттарының оңтайлылығын 90% мұғалім растады. Тек 10% мұғалімдер оқу мақсатының оңтайлылығын теріске шығарып отыр. Сонымен қорыта келгенде оқу бағдарламасының мазмұнын талдау нәтижесі төмендегідей үрдісті көрсетті.

• оқу бағдарламасы мазмұнының білімалушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі позициясы:

- ✓ «ия» - 100% оқыту қазақ тіліндегі респонденттер;
80% оқыту орыс тіліндегі респонденттер;
- ✓ «жоқ» - 0% оқыту қазақ тіліндегі респонденттер;
20% оқыту орыс тіліндегі респонденттер;

• оқу бағдарламасының ғылыми талаптарға сәйкестігі позициясы:

- ✓ «ия» - 100% оқыту қазақ тіліндегі респонденттер;
80% оқыту орыс тіліндегі респонденттер;
- ✓ «жоқ» - 0% оқыту қазақ тіліндегі респонденттер;
20% оқыту орыс тіліндегі респонденттер;

- *бағдарлама мазмұны жүйелі, дәйекті позициясы:*
 - ✓ «ия» - 71,4% оқыту қазақ тіліндегі респонденттер;
70% оқыту орыс тіліндегі респонденттер;
 - ✓ «жоқ» - 28,6% оқыту қазақ тіліндегі респонденттер;
30% оқыту орыс тіліндегі респонденттер;
- *оқыту мақсаттарының оңтайлылығы позициясы:*
 - ✓ «ия» - 85,7% оқыту қазақ тіліндегі респонденттер;
90% оқыту орыс тіліндегі респонденттер;
 - ✓ «жоқ» - 14,3% оқыту қазақ тіліндегі респонденттер;
10% оқыту орыс тіліндегі респонденттер.

Осылайша талдау нәтижесі оқу бағдарламасының жеткілікті деңгейде жүйелі, ғылыми талаптарға сай және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетіндігін көрсетті.

2.2 10-сынып үшін оқулық мазмұны мен құрылымы апробациясының қорытындысын талдау

Оқулық – оқу бағдарламасы мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде, жүйелі баяндайтын кітап. Оқулыққа мынадай педагогикалық талаптар қойылады: оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы; жоғары идеялылығы, тәрбиелік міндеттерге сәйкестігі; мазмұнының бағдарлама мазмұнына сәйкес әрі түсінікті болуы; материалдарының білімалушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес баяндалуы; дәл және анық, нақты қорытындылар, ережелер, заңдар мен анықтамалардың баяндалуы, тілдің жатық, әдеби және ықшам болып, оқушылардың ұғымына сәйкес келуі; оқу материалын меңгеруді жеңілдететіндей иллюстрация, сурет, кесте, диаграмма, сызба мен сызулардың болуы; сыртқы пішінінің (қағаз, шрифт, мұқабасының) ретті сәндендірілуі. Негізгі оқу пәндерінің оқулықтарына қосымша хрестоматия есеп жинақтары, жазбаша жаттығу кітаптары, анықтама, сөздік, оқу кітаптары, тарихи және географиялық карталар, т.б. қолданылады.

«Көкжиек-Горизонт» баспасының педагогикалық талаптар негізінде басып шағарған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша 10-сыныптарға арналған оқулық мазмұнын талдауға барлығы 17 (қазақ және орыс мектептерінен) респондент қатысты.


Оқулықтың мазмұны мен құрылымы және дәлсіздіктер, қателердің болуы туралы сауалнамаға оқыту қазақ тіліндегі мектептерден барлығы 7 респондент қатысты (2.2.1-кесте).

2.2.1-кесте. Оқыту қазақ тіліндегі респонденттердің оқулықтың мазмұны және құрылымы туралы пікірі

Оқулықтың құрылымдық компоненттерінің болуы		Алматы қаласы	Шымкент қаласы	Ақмола облысы	Атырау облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы	Түркістан облысы
мазмұны	ия	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ							
кіріспе	ия	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ							
түсіндірме мәтін	ия	1		1	1	1	1	1
	жоқ		1					
суреттер	ия	1		1	1	1	1	1
	жоқ		1					
бақылау сұрақтары мен тапсырмалары	ия	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ							
гlossарий	ия	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ							
бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы	ия	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ							
оқу материалының бөлімдер бойынша сәйкестігі	ия	1		1	1	1	1	1
	жоқ		1					
материалды мазмұндау логикасы	ия	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ							
оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі	ия	1		1	1	1	1	1
	жоқ		1					
ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның байланысын қамтамасыз ету, нақты өмірлік жағдайлармен және жағдайлармен тапсырмалар	ия	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ							


Оқулықтың құрылымдық компоненттерінің болуы, оның ішінде:

- мазмұны,
- кіріспе,
- бақылау сұрақтары мен тапсырмалары,
- glossарий критерийлері бойынша респонденттер барлық аталған құрылымдық компоненттер сақталғандығын яғни 100 % көрсетті.
- түсіндірме мәтін
- суреттер критерийлері бойынша 14,3% «жоқ» деген, ал 87,7%«ия» жауап берді (2.2.1-сурет).



2.2.1-сурет

Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы, материалды мазмұндау логикасы, ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның байланысын қамтамасыз ету, нақты өмірлік жағдайлармен және жағдайлармен тапсырмалар критерийлері бойынша сауалнамаға қатысқан 7 респонденттің 6-уы яғни, 87,7% «ия» деп жауап берген, яғни аталған құрылымдық компоненттер толық.



2.2.2-сурет

Оқу материалының бөлімдер бойынша сәйкестігі, оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі критерийлері бойынша

Шымкент қаласы респонденттері яғни, 14,3% «жоқ» деген жауап көрсетті (2.2.2-сурет).

2.2.2-кесте. Оқыту қазақ тіліндегі респонденттердің оқулықтағы дәлсіздіктер мен қателердің болуы туралы пікірі

Дәлсіздіктер, қателердің болуы		Алматы қаласы	Шымкент қаласы	Ақмола облысы	Атырау облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы	Түркістан облысы
фактологиялық	ия	1	1	1		1		
	жоқ				1		1	1
грамматикалық	ия					1	1	
	жоқ	1	1	1	1			1
стильдік	ия	1		1		1		
	жоқ		1		1		1	1

Оқулықтың мазмұнындағы қателіктер мен дәлсіздіктердің болуы үш критерий бойынша қарастырылды (2.2.2-кесте):

- фактологиялық
- грамматикалық
- стильдік



2.2.3-сурет

Фактологиялық дәлсіздіктердің болуы деген сұраққа 4 респондент «ия» деп, 3 респондент «жоқ» деп жауап берген. Атап айтсақ, Алматы, Шымкент қаларының, Ақмола, Қызылорда облыстарының мұғалімдері дәлсіздіктер бар деп, ал Атырау, Маңғыстау, Түркістан облыстарының мұғалімдері дәлсіздіктер жоқ деп көрсетеді. Пайыздық мөлшерлемеде сәйкесінше 57,1% және 42,9% құрайды.

Грамматикалық қателердің болуы деген сұрақ бойынша 2 адам «ия» деп растаса, 5 адам «жоқ» деп жауап берген. Оның ішінде Қызылорда, Маңғыстау облыстарының мұғалімдері грамматикалық қателер бар десе, Алматы, Шымкент қалаларының және Атырау, Ақмола, Түркістан облыстарының мұғалімдері жоқ деп жауап берген. Яғни пайыздық мөлшерлемеде 28,6% және 71,4% құрайды.

Стильдік қателердің болуы деген сұраққа 4 респондент «жоқ», 3 респондент «ия» деген жауап көрсеткен. Стильдік қателердің жоқтығын Шымкент қаласы, Атырау, Маңғыстау және Түркістан облыстары растаған, ал Алматы қаласы, Ақмола, Қызылорда облыстары қателердің бар екендігін растаған. Пайыздық мөлшерлемеде 57,1% және 42,9% құрайды (2.2.3-сурет).

Оқыту орыс тіліндегі мектептер бойынша апробацияға барлығы 10 респондент қатысқан. Олар Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының және Нұр-Сұлтан қаласының педагогтері (2.2.3-кесте).

2.2.3-кесте. Оқыту орыс тіліндегі респонденттердің оқулықтың мазмұны және құрылымы туралы пікірі


Оқулықтың құрылымдық компоненттерінің болуы		Нұр-Сұлтан қаласы	Алматы облысы	Ақтөбе облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Батыс Қазақстан облысы	Жамбыл облысы	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Павлодар облысы	Солтүстік Қазақстан облысы
мазмұны	ия	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ										
кіріспе	ия	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ										
түсіндірме мәтін	ия		1	1	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ	1									
суреттер	ия		1	1	1	1	1		1	1	1

	жоқ	1						1			
Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары	ия	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ										
гlossарий	ия		1	1	1		1	1	1	1	1
	жоқ	1				1					
Бөлімдер бойынша оқуматериалдары көлемінің оңтайлылығы	ия	1	1	1	1		1	1		1	1
	жоқ	1				1			1		
Оқу материалының бөлімдер бойынша сәйкестігі	ия		1	1	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ	1									
Материалды мазмұндау логикасы	ия		1	1	1	1	1	1	1	1	1
	жоқ	1									
Оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі	ия		1	1	1		1	1	1	1	1
	жоқ	1				1					
Ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның байланысын қамтамасыз ету, нақты өмірлік жағдайлармен және жағдайлармен тапсырмалар	ия		1	1	1	1	1		1	1	1
	жоқ	1						1			

Оқулықтың құрылымдық компоненттері:

- мазмұны,
- кіріспе,
- бақылау сұрақтары мен тапсырмалары критерийлері бойынша

барлық респонденттер толықтай қанағаттанатындықтарын көрсетті, яғни «ия» деген жауаптары 100% құрады.



2.2.4-сурет

- түсіндірме мәтін критерийі бойынша 90% респонденттер мәтіннің бар екендігін растаса, 10% сауалнамаға қатысушылар түсіндірме мәтіннің жоқ екендігін көрсеткен.

- суреттер және глоссарий критерийлері бойынша иллюстрацияның, терминологияның бар екендігін 80% растаған, ал аталған құрылымдық компонентерді жоқ деп 20% респондент көрсеткен (2.2.4-сурет).

- бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы критерийінің талдауы, респонденттердің 70% оң жауап бергенін, 30% теріс жауап бергенін көрсетті.


- оқу материалының бөлімдер бойынша сәйкестігі критерийі бойынша 90% сәйкестікті растаса. 10% сәйкес емес деп көрсеткен (2.2.5-сурет).



2.2.5-сурет

- материалды мазмұндау логикасы туралы 90% мұғалімдер жақсы сақталған деп оң жауап көрсетсе, 10% мұғалім логикалық мазмұндау жоқ деп жауап көрсеткен.

- оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі және ғылыми және қол жетімділік принциптерін сақтау, мазмұнның байланысын қамтамасыз ету, нақты өмірлік жағдайлармен және жағдайлармен тапсырмаларкритерийлері бойынша 80% мұғалімдер қазақстандық компоненттер бар, ғылыми принциптері сақталған, қол жетімді және өмірмен байланыстырылған деп жауап берсе, 20% мұғалімдер оның бәрін жоққа шығарып, теріс жауап берген (2.2.6-сурет).



2.2.6-сурет

Сонымен қатар оқулық мазмұнындағы қателіктер мен дәлсіздіктердің болуы үш критерий бойынша қарастырылды (2.2.4-кесте):


- фактологиялық
- грамматикалық
- стильдік

2.2.4-кесте. Оқыту орыс тіліндегі респонденттердің оқулықтағы дәлсіздіктер мен қателердің болуы туралы пікірі

дәлсіздіктер, қателердің болуы		Нұр-Сұлтанқаласы	Алматы облысы	Ақтөбе облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Батыс Қазақстан облысы	Жамбыл облысы	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Павлодар облысы	Солтүстік Қазақстан облысы
фактологиялық	ия									1	1
	жоқ	1	1	1	1	1	1	1	1		
грамматикалық	ия				1			1		1	1
	жоқ	1	1	1		1	1		1		
стильдік	ия									1	1
	жоқ	1	1	1	1	1	1	1	1		

Фактологиялық дәлсіздіктердің болуы деген сұраққа 2 респондент «ия» деп, 8 респондент «жоқ» деп жауап берген. Атап айтсақ, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының мұғалімдері дәлсіздіктер бар деп, ал Нұр-Сұлтан қаласының және Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай облыстарының мұғалімдері дәлсіздіктер жоқ деп көрсетеді. Пайыздық мөлшерлемеді дәлсіздіктің болуын растағандар 20% ал, жоққа шығарғандар 80% құрады.

Грамматикалық қателердің болуы деген сұрақ бойынша 4 адам «ия» деп растаса, 6 адам «жоқ» деп жауап берген. Оның ішінде Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының мұғалімдері грамматикалық қателер бар десе, Нұр-Сұлтан қаласының және Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай облыстарының мұғалімдері жоқ деп жауап берген. Яғни грамматикалық қателердің бар екендігін 40%, ал қателердің жоқ екенін 60% мұғалім көрсетті.



2.2.7-сурет

Стильдік қателердің болуы деген сауалға 8 респондент «жоқ», 2 респондент «ия» деген жауап көрсеткен. Стильдік қателердің жоқтығын Нұр-Сұлтан қаласының және Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай облыстары растаған, ал Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары қателердің бар екендігін растаған. Пайыздық мөлшерлемеді растаушылар 80%, ал жоқ деушілер 20% құрайды (2.2.7-сурет).

Сонымен оқулық мазмұнының құрылымы және ондағы қателіктер мен дәлсіздіктердің болуы туралы талдау нәтижелері келесі үрдісті анықтады (2.2.8-2.2.9-сурет):

➤ *оқулықтың құрылымдық компоненттері* позициясында:

✓ *мазмұны, кіріспе, бақылау сұрақтары мен тапсырмалары, глоссарий* компоненттерінің болуы:

- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 100% «ия»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 100% «ия»;

✓ *түсіндірме мәтін* компоненттерінің болуы:

- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 87,7% «ия»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 90% «ия»;
- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 14,3% «жоқ»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 10% «жоқ»;

✓ *суреттер* компоненттерінің болуы:

- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 87,7% «ия»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 80% «ия»;
- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 14,3% «жоқ»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 20% «жоқ»;

✓ *бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы:*

- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 100% «ия»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 70% «ия»;
- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 0% «жоқ»
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 30% «жоқ»

✓ *оқу материалының бөлімдер бойынша сәйкестігінің, материалды мазмұндау логикасы:*

- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 87,7% «ия»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 90% «ия»;
- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 14,3% «жоқ»
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 10% «жоқ»

✓ *оқулықтың мазмұнындағы қазақстандық компоненттің бейнеленуі:*

- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 87,7% «ия»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 80% «ия»;
- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 14,3% «жоқ»
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 20% «жоқ»

✓ *ғылыми және қол жетімділік принциптерінің сақталуын, мазмұнның байланысының қамтамасыз етілуін, нақты өмірлік жайлармен және жағдайлармен тапсырмалардың берілгендігі:*

- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 100% «ия»;
- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 80% «ия»;
- оқыту қазақ тіліндегі мектеп респонденттері 0% «жоқ»

- оқыту орыс тіліндегі мектеп респонденттері 20% «жоқ»



2.2.8-сурет

2.2.9-суретте оқыту орыс және қазақ тіліндегі респонденттердің жауаптары көрсетілген.



2.2.9-сурет

Оқулық мазмұнының құрылымдық компоненттерінің маңызды элементтерінің бірі тапсырмалардың және иллюстрациялық материалдың берілуі болып табылады. Тапсырмалардың берілуі мынадай критерийлер бойынша қарастырылды:

- деңгейлік тапсырмалар;
- тәжірибелік-бағытталған тапсырмалар;
- зерттеу тапсырмалары;
- эксперименттік тапсырмалар;
- АКТ дағдысын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар;
- иллюстрациялық және мәтіндік материалдардың сәйкестігі;
- оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететін иллюстрациялық материалдардың эстетикалығы;
- иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлылығы(2.2.5-кесте).

2.2.5-кесте. Оқыту қазақ тіліндегі респонденттердің оқулықтағы тапсырмалар мен иллюстрациялардың болуы туралы пікірі

№	Тапсырмалардың болуы		Алматы қаласы	Шымкент қаласы	Ақмола облысы	Атырау облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы	Түркістан облысы
1	деңгейлік	ия	1		1	1	1	1	1
		жоқ		1					
2	Тәжірибелік бағытталған	ия	1	1	1	1	1	1	1
		жоқ							
3	зерттеу	ия	1	1	1	1	1	1	1
		жоқ							
4	эксперимент	ия	1	1	1	1	1	1	1
		жоқ							
5	АКТ дағдысын қалыптастыру	ия	1	1	1	1	1	1	1
		жоқ							
6	иллюстрациялық және мәтіндік материалдардың сәйкестігі	ия	1		1	1	1	1	1
		жоқ		1					
7	оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететін иллюстрациялық материалдардың эстетикалығы	ия	1		1	1	1	1	1
		жоқ		1					
8	Иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлылығы	ия	1		1	1	1	1	1
		жоқ		1					

Деңгейлік тапсырмалардың болуы туралы респонденттердің 85,7% ия бар деп оң жауап көрсеткен. Атап айтсақ Алматы қаласының және Ақмола, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарының мұғалімдері. Тек Шымкент қаласының мұғалім деңгейлік тапсырмаларды жоқ деп көрсеткен. Бұл дегеніміз пайыздық мөлшерлемеде 14,3% құрайды.


Тәжірибелік-бағытталған, зерттеу және эксперимент тапсырмаларының болуы туралы барлық өңірлер респонденттері оң жауап беріп, 100% көрсетті (2.2.10-сурет).

АКТ дағдысын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар туралы барлық респонденттер оң пікір білдіріп 100% көрсетті.



2.2.10-сурет

Иллюстрациялық және мәтіндік материалдардың сәйкестігі, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал ететін иллюстрациялық материалдардың эстетикалығы, иллюстрациялар өлшемдерінің оңтайлылығы туралы Шымкент қаласының респонденті жоқ деп жауап беріп 14,3% көрсетті, ал Алматы қаласының және Ақмола, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарының мұғалімдері оң жауап беріп, 85,7% көрсетті (2.2.11-сурет).



2.2.11-сурет

Оқыту орыс тіліндегі мектептерде де осы критерийлер талданды. Талдау нәтижесі төмендегідей көріністі анықтады (2.2.6-кесте).

2.2.6-кесте. Оқыту қазақ тіліндегі респонденттердің оқулықтағы тапсырмалар мен иллюстрациялардың болуы туралы пікірі

№			Нұр-Сұлтан қаласы	Алматы облысы	Ақтөбе облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Батыс Қазақстан облысы	Жамбыл облысы	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Павлодар облысы	Солтүстік Қазақстан облысы
1	деңгейлік	ия		1	1		1	1	1		1	
		жоқ	1			1				1		1
2	Тәжірибелік бағытталған	ия	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
		жоқ										
3	зерттеу	ия	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
		жоқ										
